

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Инфлюцид

Саудалық атауы

Инфлюцид

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді заттар: Aconitum trit. D3 25 мг, Gelsemium trit. D3 25 мг,
Ipecacuanha trit. D3 25 мг, Phosphorus trit. D5 25 мг, Bryonia trit. D2 25 мг,
Eupatorium perfoliatum trit. D1 25 мг,

қосымша заттар: лактоза моногидраты, магний стеараты, бидай
крахмалы.

Сипаттамасы

Ойығы бар жайпақ цилиндр пішінді ақ немесе ақ дерлік түсті таблеткалар.
Аздап теңбілденуі мүмкін.

Фармакотерапиялық тобы

Жөтел және суық тию симптомдарын жоюға арналған препараттар. Суық
тию симптомдарын жоюға арналған препараттардың басқа
біріктірілімдері.

АТХ коды R05X

Фармакологиялық қасиеттері

Инфлюцид кешенді гомеопатиялық препарат болып саналады, ол қызба
синдромымен жүретін жоғарғы тыныс алу жолдарының жұқпасын емдеуде
жақсы тиімділігі анықталған дәрі. Алты белсенді ингредиент
температураның жоғарылауы, бас ауыруы немесе аяқ-қолдың ауыруы,
сондай-ақ катаральді құбылыстар (ринит, фарингит) сияқты инфекцияға

тән симптомдарды жылдам қайтаруға әкеледі. Инфлюцид организмнің қорғаныш күшін нығайтады және емдеп жазу және жылдам сауығу үдерісін демейді. Инфекцияның алғашқы белгілері пайда болған кезде немесе инфекциялық аурулармен ауырған науқастармен бірге болғанда препаратты дер кезінде қабылдау аурудың дамуын болдыртпайды.

Қолданылуы

- тұмау және жоғарғы тыныс жолдары жедел респираторлы вирустық инфекцияларының профилактикасында және емдеуде

Қолдану тәсілі және дозалары

Өзге нұсқамалар болмағанда Инфлюцид төмендегідей қолданылады:

жедел жағдайларда: 1-ден 12 жасқа дейінгі балалар жақсаруы басталғанша 1 таблеткадан (бірақ күніне 8 таблеткадан асырмай) әрбір екі сағат сайын; одан әрі –1 таблеткадан күніне 3 рет қабылдайды.

Ересектер мен 12 жастан асқан балалар жақсаруы басталғанша 1 таблеткадан (бірақ күніне 12 таблеткадан асырмай) әрбір сағат сайын; одан әрі –1-2 таблеткадан күніне 3 рет қабылдайды.

Емдеу ұзақтығы – 7-10 күн (симптомдар толық жоғалғанға дейін).

Дененің жоғары температурасы сақталған кезде немесе ол 39°C-ден жоғары болғанда, не болмаса аурушандық күйі сақталғанда немесе нашарлай бастаса, онда басқа тиісті ем тағайындау керек.

Ересектер мен 12 жастан асқан балаларда инфекцияның профилактикасы үшін күніне 1-2 таблеткадан 3 рет; ал 1-ден 12 жасқа дейінгі балаларға –1 таблеткадан күніне 3 рет тағайындайды; профилактикалық емдеу жақын айналадағы ортада инфекцияның алғашқы жағдайы кезінде бастайды.

ЖРВЖ немесе тұмаумен ауыратын науқастармен қарым-қатынастан кейін қолдану ұзақтығы – 7 күн.

Таблетканың ауызда баяу еруіне мүмкіндік бере отырып, тамақтанудан жарты сағат бұрын немесе жарты сағаттан кейін қабылдау керек; 3 жасқа дейінгі балаларды емдегенде таблетканы судың аздаған мөлшерінде еріту ұсынылады.

Жағымсыз әсерлері

- өте сирек: тері бөртулері немесе асқазан-ішек бұзылыстары. Мұндай жағдайда Инфлюцид қабылдауды тоқтатып, дәрігерге қаралған жөн.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- мысалы, *Eupatorium perfoliatum* (шілтержапырақты иткендір) немесе маргаритка тұқымдастардың басқа түрлері (*asteraceae/ compositae*) секілді препарат ингредиенттерінің кез келгеніне белгілі аса жоғары сезімталдық

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Анықталмаған.

Егер сіз таяуда басқа да дәрі-дәрмекті, оның ішінде рецептсіз алуға болатындарын, қабылдап жүрсеңіз немесе таяуда қабылдаған болсаңыз, дәрігерді немесе фармацевті хабардар еткеніңіз дұрыс.

Гомеопатиялық дәрілік заттардың әсері өмір сүру салтына қатысты күшті әсер ететін препараттар, алкоголь ішу және темекі шегу сияқты жалпы жағымсыз факторлардың ықпал етуінен төмендеуі мүмкін.

Айрықша нұсқаулар

Дәрігер төмендегі жағдайларда міндетті түрде емдеуді бағалауы керек:

- егер жағдайы жақсармаса немесе нашарласа
- егер қосымша шағымдар пайда болса
- егер температура 39°C тұрақтап қалса немесе одан жоғарыласа

Симптомдар тұрақты, түсініксіз немесе қайтадан пайда болса, дәрігерге көріну керек. Әсіресе бұл жоғары температураның, жұтқыншақтағы жағымсыз сезінулердің (фарингит), қатты бас ауруларының, буындардың, бұлшықеттердің және сегізкөздің ауыруының, невралгияның, сондай-ақ жалпы ауыр дімкәстікті сезінудің кенеттен пайда болуына қатысты.

Мұндай жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну керек.

Препарат глютендік ауруымен науқастарды емдеу үшін жарамды, бірақ оны бидайға аллергиясы бар (глютендік ауруда айырмашылығы бар) науқастар қабылдауға болмайды.

Кейбір қанттарды көтере алмаушылық кезінде, аталмыш дәріні қабылдауды бастамас бұрын, дәрігермен кеңесу керек.

Препаратты тұқым қуалайтын лактоза көтере алмаушылығы, Lapp-лактаза ферменті тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы кезінде қабылдауға болмайды.

Гомеопатиялық дәрілік заттарды қабылдау кезінде ауру симптомдарының өтпелі күшеюі мүмкін (алғашқы нашарлауда); мұндай жағдайда препарат қабылдауды тоқтатып, дәрігермен кеңесу керек.

Педиатрияда қолданылуы

Инфлюцид препаратын оны аталған жас тобында қолдану жеткілікті зерттелмегендіктен 1 жасқа дейінгі балаларды емдеуге қолдануға болмайды.

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік және лактация кезеңінде ана үшін күтілетін пайдасы мен ұрыққа/балаға төнетін ықтимал қауіп арасындағы арақатынасты мұқият бағалаумен дәрігермен кеңесуден кейін ғана Инфлюцид препаратын қолдануға болады.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығарылу түрі және қаптамасы

20 таблеткадан ПВХ/ПВДХ үлбірден және баспалы лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада. 3 пішінді қаптамадан медицинада қолдануы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

15°C-ден 25°C-ге дейінгі температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

5 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші және Тіркеу куәлігінің иесі

Дойче Хомеопати-Унион ДХУ-Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ
Оттоштрассе 24, 76227 Карлсруэ, Германия.

Қаптаушы ұйым

Др. Вильмар Швабе ГмбХ & Ко. КГ.

Эксклюзивті өкілі

Альпен Фарма АГ
Берн, Швейцария

Тұтынушылардан өнім (тауар) сапасы жөніндегі шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын, ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:

«Альпен Фарма» ЖШҚ, Қазақстан Республикасы,
Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округы,
Көкөзек ауылы, 1044 учаске
Тел./факс + 7 727 232-34-73,
+ 7 727 232-34-74

Е-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com

Қазақстан Республикасы аумағында тіркеуден кейін дәрілік заттың қауіпсіздігін бақылауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:

«Альпен Фарма» ЖШҚ, Қазақстан Республикасы,
Алматы обл., Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округы,
Көкөзек ауылы, 1044 учаске
Моб. +7 701 035 70 69.

E-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com